



ИТАЛИЯ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОҒАРЫ МАРАПАТЫ

Италия Республикасының Президенті Серджо Маттарелланың жарлығымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов «Ordine al merito della Repubblica Italiana» орденімен марапатталды.

Алматыда Италия Республикасының ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Паскуале Д'Авино президент атынан ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановқа ең жоғары мемлекеттік награда – «Италия Республикасына сіңірген зор еңбегі үшін» орденін табыс етті.

Орден 1951 жылы тағайындалған және Италия алдындағы маңызды еңбегі үшін премьер-министрмен келісе отырып ел президенті тарапынан ұйғарылады. Университеттің Ғылыми кеңесінде орденді ұсынған Елші Паскуале Д'Авино ҚазҰУ ректорын халықаралық қоғамдастықтағы көрнекті ғалым, жоғары мектеп жасампазы және ұйымдастырушысы деп атады. Оның басшылығымен Қазақстанның жетекші университеті әлемде жоғары беделге ие болғанын және бірнеше ірі ғылыми-білім беру жобалары жүзеге асқанын айтты.

«Академик Ғалым Мұтановтың Қазақстан мен Италия арасындағы ғылым және білім салаларындағы әріптестігін дамытуға, сондай-ақ екі елдің достық қарым-қатынастарын нығайтуға қосқан зор үлесі жоғары мемлекеттік марапатпен бағаланды, бүгін осы орденді табыстау мен үшін қуаныш», - деп атап өтті Елші.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Италияның жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Университетте Романдық зерттеулер орталығы құрылып, сәтті жұмыс атқаруда, ал Ка Фоскари университетінде әл-Фараби орталығы ашылып, халықаралық білім беру бағдарламалары аясында академиялық алмасу және мамандарды дайындау белсенді жүргізілуде.

Баспасөз қызметі



МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



28 қарашада Жастар жылы қарсаңында және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мен жастарға сенемін!» VI республикалық студенттік патриоттық жастар форумы өтті.

Форум жұмысын Әл-Фараби кітапханасындағы «Ұлы дала жастары» конференциясы ашты. Оған форумның іріктеу кезеңінен өтіп, еліміздің 70 аймақтық университетінен келген 500-ден аса студент қатысты.

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылатын форум алты жыл ішінде еліміздің барлық жастары үшін маңызды шығармашылық алаңға айналды. Ол Қазақстан болашағы жолында жас ұрпақтың патриоттық сезімін және азаматтық жауапкершілігін арттыруға, жастарды қоғамдық сананы жаңғырту үдерісіне тартуға бағытталған. Осы жылы форумға

қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне Қазақстанның барлық өңірінен 2 мыңға жуық студент өтініш жолдаған.

2013 жылдан бері өткізіліп келе жатқан форумның бағдарламасы дәстүрлі түрде төрт байқаудан тұрады: «Еліміздің инновациялық дамуына қосқан менің нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар; «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эсселер; «Мен жастарға сенемін!» атты студенттік азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығармалар; «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық әндер байқауы.

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен үлкен гала-форумда байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне салтанатты түрде дипломдар және бағалы сыйлықтар табыс етіліп, бірінші орын иегеріне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты берілді.


Қазылар алқасының шешімі бойынша бірінші орын ең үздік инновациялық жоба үшін Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің студенті Айнұр Қуановаға берілді. Поэзия секциясы бойынша М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтының студенті Сүндет Сейтов жеңіске жетсе, студенттік эссе байқауында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен келген Сағиева Айжан марапатқа ие болды. Ал патриоттық әндер секциясы бойынша бас жүлдені Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті Руслан Төлеген еншіледі.

«Елбасы келер жылды – жастар жылы деп атады. Мемлекет студенттер мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Білім алуға грант саны көбейіп, жатақханалар салынуда, жұмысқа орналастыру, қайта даярлау бағдарламалары қарастырылған. Бізге ғылыми зерттеу жобаларымызды көрсетіп, шығармашылығымызды шыңдауға мүмкіндік бергендері үшін форум ұйымдастырушыларына рахмет айтамын. Біз жақсы тәжірибе жинадық және жана достар таптық. Форум керемет деңгейде өтті. Ерекше алғысымды бізді құшақ жая қарсы алған ҚазҰУ-ға жеткізіміз келеді. Маған кампус өте ұнады. Осында магистратураға түсіп, оқуды жалғастырғым келеді», - дейді Айнұр Қуанова. Гала-форум қатысушыларына ҚазҰУ-шығармашылық ұжымының және қазақстандық танымал эстрада жұлдыздарының мерекелік бағдарламасы ұсынылды.

Форум әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Жандану әлемі» қоры және «Жас Отан» жастар қанаты, Жазушылар Одағы, Қазақ радиосы бірлесе ұйымдастыруымен, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Өз тілшімізден

Жалғасы 8-бетте



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күні қарсаңында Алматыда, ҚазҰУ-дың әл-Фараби атындағы кітапханасында «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-көркем экспозицияның ашылуы өтті.

Ұлы даланың тарихын көрсететін ЭКСПОЗИЦИЯ



Бұл экспозиция Елбасының мақаласында атап өтілген ата-бабаларымыздың озық технологияларын куәландыратын қазактардың тарихи мұрасының барлық жеті символын бейнелейді. Экспозицияда сәндік-қолданбалы өнер ескерткіштерінің көшірмелері мен Қазақстанның ежелгі тарихының түрлі кезеңдеріндегі археологиялық олжалар таныстырылған, атап айтқанда Күлтегіннің бейнелері, «Көк бөрі», Тоньюк ежелгі түрік жазбалары, Аралтөбенің сармат дәуіріндегі «Алтын адам» бейнесі және басқа экспонаттар.

«ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған экспонаттар дала өркениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мәселен, IX-XI ғасырдағы қимақ кезеңіне жататын жылқының ет-тұрманы, ата-бабаларымыздың сонау заманнан жылқыны қолға үйрету мәдениетінің жарқын мысалы. Шілікті және Жалаулы ескерткіштері маңынан табылған сак кезеңіндегі алтын стильдік бейнелері бар есіктер және басқа да көптеген экспонаттар», — деп атап өтті ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің деканы Мәдімгүл Ноғайбаева.

Қазақстанда алғаш рет көрсетілген Хуннулардың бірегей алфавиті экспозицияның сенсациялық экспонаты болып табылады. 136 әріптен тұратын алфавит Қытай ғалымдарымен Венгрия, Германия, Болгария, Қытай, Норвегия, Моңғолия мен Ресейден әртүрлі жылдарда табылған археологиялық олжалар негізінде қайта қалпына келтірілген.

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы»

ретінде бізге жеткен дәуір кезінде Қазақстан, Еуропа мен Азияның осы заманның алғашқы ғасырларындағы ежелгі тарихы көшпелі Хунну тайпаларына қатысты түрлі оқиғаларға толы болғаны белгілі. Алайда, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада дәл айтылғандай «еуропанцентристік көзқарас сактар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны» және де әлемдік маңызы бар аса көрнекті мәдени және тарихи мұраларды қалдырғаны «туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ», — дейді ғалым Ғибадат Ғаббасұлы.

Ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі Ұлы даланың тарихын көрсететін «Ұлы даланың жеті қыры» экспозициясы университеттегі «Қазақ елі» тарихи-көркемөнер кешенінің ажырамас бөлігі болып табылады. «Алаш мұраты» атты келесі демонстрациялық залы

XX ғасыр басында қазақ халқының тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық күресінің негізгі кезеңдерін бейнелейді. Ал, «Мәңгілік Ел» атты көркемдік панорамасында қазақ халқының Президентпен бірлесе отырып ғасырлар бойғы аңсаған тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізу туралы арманының жүзеге асырылуын көрсететін тарихи бейнелер мен заманауи шындықтар келтірілген.

«Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-көркем экспозициясының ашылу салтанатына көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері, Алматы қаласы әкімдігі мен БАҚ өкілдері, белгілі ғалымдар, сондай-ақ «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық VI патриоттық жастар форумына еліміздің 70 жоғары оқу орнынан келген 500-ден астам студент қатысты. Сонымен бірге форум аясында «Ұлы дала жастары» атты конференция өткізілді.

Өз тілшімізден

БІРЛЕСКЕН ІСТЕ — БЕРЕКЕ БАР

ҚазҰУ Қытайдың Гуйлин университетімен болашақта туризм мамандарын бірлесе даярлайтын болады. Бұл туралы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев Гуйлин туризм университетінің ректоры Линь Намен кездесу барысында айтылды.

Кездесуді ашқан бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев «Қазіргі таңда университет ҚХР-дың 40-тан астам ЖОО-мен ынтымақтастық байланыс орнатып, ҚазҰУ әлемнің 130 университетін біріктіруші Жаңа Жібек жолы Университеттер Альянсінің мүшесі болып табылады. Елімізде қытай тілінде жоғары білікті мамандарды дайындауда университетіміздегі жетекші орталық Конфуций институты жұмыс жасайды. Және бүгінгі кездесу әріптестігімізді нығайтып, туризм бағытында тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік ашылмақ», — деді бірінші проректор.

«Гуйлин туризм университетінде бүгінде 12 мыңнан аса студент білім алады. 800 оқытушы профессорлар құрамы бар білім ордасында 11 институт жұмыс істейді. Университет бүгінде туризм саласын кеңінен дамытып, ҚазҰУ-мен бірлесе осы салада маман даярлауды қолға алмақшы», — дейді Линь На.

Кездесу аясында тараптар білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер секторындағы әріптестік мүмкіндіктерін кеңейту тақырыбын талқылап, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асыру жайы қарастырылды. Шара соңында Қытай университетінің өкілдері ҚазҰУ кампусы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, мұражай және Әл-Фараби атындағы кітапхананың жұмысымен танысты.

Баспасөз қызметі

ХУННДАРДЫҢ ӘЛІПБИИ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күні қарсаңында Алматыда ҚазҰУ-дың әл-Фараби атындағы кітапханасында алғаш рет хунндардың бірегей әліпбиі таныстырылды.



Хуннулардың бірегей әліпбиінің Қазақстанда алғаш рет көрсетілуі сенсациялық оқиға. 136 әріптен тұратын алфавитті қытай ғалымдары Венгрия, Германия, Болгария, Қытай, Норвегия, Моңғолия және Ресейден табылған әртүрлі жылдардағы археологиялық олжалар негізінде қалпына келтірген.

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы» ретінде бізге жеткен дәуір кезінде Қазақстан, Еуропа мен Азияның осы заманның алғашқы ғасырларындағы ежелгі тарихы көшпелі Хунну тайпаларына қатысты түрлі оқиғаларға толы болғаны белгілі. Алайда, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада дәл айтылғандай «еуропанцентристік көзқарас сактар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ», олар әлемдік маңызы бар аса көрнекті мәдени және тарихи мұраларды қалдырған», — дейді ғалым Ғибадат Ғаббасұлы.

Ғалым атап өткендей, алфавиттің алғашқы тоғыз әріпі Моңғолияда Хунну адамы жерленген жерде таза алтыннан жасалған мүсіншеде табылған. Хуннуға тиесілі және Шыңды (Қытай) жерінен табылған қола қанжарда 10-нан 50-ге дейінгі әріптер белгіленген. Ал, Венгрияда табылған үшбұрышты аварлардың ағаш сандықшасындағы таңбалар бойынша 51-

Хунну әліпбиі Қытай Халық Республикасының қоғамдық ғылымдар Академиясында Хунну жазбасының бағамдығының дәлелі ретінде ресми түрде тіркелген. Қазақстандық тарихшылар, шығыстанушылар мен лингвистердің алдында Қытай мен Моңғолия ғалымдарымен бірлесе отырып, Хунну ежелгі тайпаларының тарихы мен мәдениетін, олардың әлемдік өркениетті дамытудағы рөлін тереңірек зерделеп, зерттеу міндеті тұр.

Баспасөз қызметі

ВИЗИТ В УНИВЕРСИТЕТ ИНДИИ

Преподаватели кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби посетили Школу языковедения, литературоведения и культурологии университета Джавахарлала Неру в Нью-Дели (Индия).


Визит состоялся при поддержке фонда «One Asia» в рамках одноименного международного проекта. В ходе поездки зарубежные ученые, работающие в КазНУ - Чан Бенг Сун и Мионг Сун Ок приняли участие в специальных лекциях для студентов, магистрантов и докторантов на тему «Безопасность в Восточной Азии с ядерным оружием Северной Кореи» и «Единство и Азиатское сообщество».

Фонд «One Asia» оказывает финансовую поддержку университетам и ученым, которые участвуют в программе «Азиатское сообщество», деятельность которого направлена на процветание, стабильность и сосуществование среди азиатских стран.

В настоящее время в этом проекте принимают участие более 300 университетов мира, включая КазНУ им. аль-Фараби. Так, с прошлого года ученые КазНУ посетили Мадридский университет Комплутенсе и Мадридский Автономный Университет (Испания), Университет Тайской Торговой Палаты в г. Бангкок (Таиланд).

Кафедра Дальнего Востока

ӨРКЕНИЕТ БЕСІГІ



Адамзат дамуының биік өлшемі өркениет қалыптастыру. Ал өркениет ұғымының шығуына қатысты тарих пені қарастырғанымен, бірақ ол оның шеңберінен шығып кетеді. Яғни, пәнаралық мәселеде қарастырылады. Әуелгі сөзді өркениет ұғымынан бастау алып отырғанымыздың бір себебі Елбасының “Ұлы даланың жеті қыры” атты сиясы көппеген мақаласында адамзат дамуына біздің қарт тарихтың қосқан үлесіне тоқтала отырып, алдағы уақытта осы мәселелерге қатысты бағалау, зерттеу, насихаттау сияқты жайттарды қарастырып өткен.

Өркениет деген сөз айтуға оңай болғанымен, оның алар орны мен басар салмағы ауыр болып келеді. Біз өзімізді арғы тектеріміз көшпелілерге алып барып тірейміз. Ата тарихқа қатысты жазылған кітаптар мен еңбектер, тіпті мақалаларға қарасаңыз ат үстінде күн кешіп, атының тұяғы жеткен жерге дейін жерді жаулаған, жауынгер халықтың ұрпағы ретінде санайтын және соған ұқсап бағу ретінде жазылған дүниелер көп кездеседі. Расында арғы тектеріміз Маханбет жырау айтқандай: “Ат үстінде күн көрмей,/ ашаршылық, шөл көрмей,/... темір қазық жастанбай,/ қу толағай бастанбай” деген жаугерлік уақыттағы заманы солай тәрбиелеген жауынгер халықты қалыптастырды деген пайымға тоқталамыз. Өткеннен алар өнегіміз осы мағыналық, яғни ата тарихты тек соғыспен, жаугершілікпен қарай берсек, өзгелердің сынаған сынын одан әрмен дәлелдей түскен сияқты боламыз. Өткенді жазу тек қағаз бетін шималау мен

мактанудан немесе өзге жасаған өктемдіктен тұрмауы керек. Жершарын мекендеген барша адамзаттың игілігі үшін біздер не жасадық деген заңды сұрақты қойып, соған жауап іздеп, тапқан жауапты үлкен кеңістікке таратып, насихаттаудан тұрады. Адамзат игілігі үшін біздің жасаған ісіміз өткен мен бүгінгіміздегі харекеттеріміз арқылы қарастырылып,

бағаланады. Осы тұста батыс ғаламшарының әлемге әйгілі ғалымының бірі А.Тойнби және сол деңгейдегі, пікірдегі зерттеушілер өркениет өлшемдері мәселесі қарастырылатын бағалауда өткен қарт тарихымызға былай: «Көшпелілер өз бетімен өркениет жасауға қабілетсіз, олар мемлекет, басқа да өркениет жетістіктерін отырықшы елдерді жаулап алу арқылы ғана

үйренді» деген біз үшін ынғайсызды, қолайсыз пайымдау жасаған. Мүмкін олардың бұлай қарастыруына да өзіндік себептер бар шығар. Әлгі ғалымдарда алдымен оларда пенде, өздерінің оқыған әдебиеттері мен жинақтаған ақпараттары негізінде қарастырады. Олар біздің қоғамның ішінде өмір сүріп, бажайлап қараған жоқ. Тек кітапхана мен архив негізіне сүйенді.

Сөздің арнасын бұлай қарастыруымыздағы себепті жоғарыда Елбасы мақаласында бүгінгі мемлекет құрушы ұлттың әлем өркениетіне ерте дәуірлерде қосқан үлестерін атап өтеді. Бір жағынан өркениетке өз үлесіміз бар екендігін білдірсе, екіншіден сондай қарт өркениеттің бесігі болған қазіргі Қазақ Елі алдағы уақыттары да жалпы ортақ адамзат құндылықтарына жана сарынды тың үрдістер алып келуі туралы ой тастап тұрғандай. Бүгінгі Қазақ Елінің аумағын өркениеттің негізін қалаған жерлердің бірі ретінде қарастырылған.

Алдағы уақытта біздің елдің жас зерттеушілері өткен күндерді қарастырып, оны көпшілікке айтқанда, насихаттағанда өткеніетке қосқан үлесіміз қай деңгейде деген сұрақты бағдар етсе, мүмкін келер он жылдықта жоғарыдағы ғалымның ізбасарлары дала өркениетінің де жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына өз үлесін қосқандығын мойындап, бағалар деген сенімдіміз.

Руслан АХМАҒАНБЕТОВ,

саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының оқытушысы

«ЦЕЛОСТНОСТЬ БЫТИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Статья президента Республики Казахстан «Семь граней Великой степи» обращена к интеллектуальному сообществу нашей страны – сделать следующий шаг в популяризации истории и культуры нашего народа.

Уникальное наследие наших предков в материальной и духовной культуре, которые имеют мировое значение известны только небольшому кругу учёных Казахстана. Глава государства ставит задачу сделать их достоянием не только казахстанской, но и мировой общественности. Эти прорывные достижения, по мнению Президента, формируют не только глубину и полноту мировоззрения народа Великой степи, но и раскрывают по-новому роль Казахстана в становлении евразийской цивилизации.

Статья Главы государства – это по сути развитие идей Ел басы о судьбе народа, высказанные им ранее в программной статье «Взгляд в будущее. Модернизация общественного сознания». В ней подчёркнута мысль о том, что национальная история Казахстана в мировом потоке истории присутствует и в пространственном, и во временном отношениях, как органическая составляющая мировой цивилизации и воспринимать национальную историю необходимо «во всей глубине и сложности». «Семь граней Великой степи», как нам представляется, – реализация принципа прагматизма относительно бытия нашей страны – подход, который был обозначен в статье «Взгляд в будущее. Модернизация общественного сознания».

Вызывает глубокое уважение и внимание последовательность, аргументированность, научность подхода к глубине, сложности и противоречивости истории. Строгое следование принципу преемственности в понимании

прошлого, настоящего подкрепляется принципом прагматизма, который можно выразить как то, что история должна «работать» на настоящее и будущее, как в материальном, так и в духовном плане. Ведь история помогает формировать мировоззрение человека, а с «высоты современной науки» история должна быть понята в её целостности, а «не по её отдельным фрагментам». Глава государства в подтверждении своих слов приводит аргументы в качестве обоснования «смыкания горизонтов пространства и времени».

Следует отметить, что статья отражает философский подход к истории на основе метода единства исторического и логического. Можно высказаться и по-другому: статья написана на основе единства исторического и прагматического, именно на этой основе могла быть выражена модернизация исторического сознания. Более того, в единстве историзма и прагматизма может быть отражён «культурный код» кочевого мира, как «залог успеха нашей страны».

Целостный подход к изучению нашей истории предполагает по мнению Президента серьёзного осмысления места и роли народа Казахстана в потоке истории, формирования научного, целостного мировоззрения молодого поколения, а также «...воспитания чувства гордости за свою историю, ...патриотизма... чувства единства своих истоков у всех казахстанцев».

А. БУХАЕВ,

доцент кафедры философии ФФП

К ВЕЛИКОМУ БУДУЩЕМУ

В труде Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» четко изложены ориентиры духовного развития нашего общества, что является важным для воспитания подрастающего поколения в духе казахстанского патриотизма и восполнения пробелов в полноценном изучении исторического и культурного наследия, а также обобщения многовекового духовного опыта казахского народа.



Наши предки передали нам в наследство огромную территорию современного Казахстана, самобытную культуру и особый дух восприятия и познания жизни. Этот дух свободолобия и степной доблести не был растрачен на крутых переломах истории, его сумели сохранить предыдущие поколения, на долю которых выпали невиданные испытания. Различные исторические этапы, через которые проходила страна, оставили след в формировании культурного потенциала страны.

В этой связи Глава государства отмечает необходимость исследования казахстанской истории и сохранения историко-культурного и природного наследия казахского народа, формирование единого культурного пространства, позволяющего обеспечить доступ различным группам населения разных регионов республики к культурным элементам и информационным ресурсам. Ведь культура Казахстана поистине уникальна, поскольку представляет собой сплав многовекового духовного опыта всех населяющих страну народов. Она отличается разнообразием форм и жанров, основанных как на национальных

традициях этих народов, так и на основании шедевров мировой классики. «Убежден, у народа, который помнит, ценит, гордится своей историей, великое будущее. Гордость за прошлое, прагматичная оценка настоящего и позитивный взгляд в будущее - вот залог успеха нашей страны».

Таким образом, в условиях развития независимого Казахстана на основе модернизации различных сфер жизни казахстанского общества наша страна перешла в более масштабный и содержательный формат с новыми компонентами общенациональной программы «Рухани жанғыру», а именно с бережным отношением к героическому историческому прошлому страны, пониманием современных противоречивых реалий, уважении к народам, населяющим Казахстан, воспитанием национального достоинства и культуры.

А. МУХИТДЕНОВА,

кандидат политических наук, и.о. доцента кафедры политологии и политических технологий

5-6 желтоқсан аралығында Шыңғыс Айтматовтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Шыңғыс Айтматов Әлемі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді

ҚазҰУ – жастармен қатар, ұлағатты ұстаздар мекені. Университет өз тарихында қаншама білім, ғылым саласының майталмандарын өз қанатының астына алған. Студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде сол ұстаздардың еңбегі ерең. Сондай ұстаздардың бірі - философия ғылымдарының докторы Сания Жакенқызы Еділбаева.

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ



баяндама жасады.

Германияның профессоры Клаудия Бикманнның шақыруымен мәдениаралық философияның зерттеу аясында «Қазақ мәдениетіндегі философияның феномені» (2014 жылдың күзі, 2015 жылдың жазы) Кельн университетінде, Цюрих қаласында «Қазақстандағы мәдениет, дін, білім беру» (2011жылы) тақырыбында дәріс оқыды. Швейцарияның Аарау қаласында «Қазіргі Қазақстан: экономика, саясат, мәдениет» атты тақырыпта публицистикалық ғылыми семинар және түрлі халықаралық семинарлар өткізді. Германияның бірнеше қаласында Кассель университетінде білім беру философиясы туралы Шмид-Коварцик профессормен жақсы таныс болып, жалпы білім берудің философиялық негізі туралы ғылыми диалогқа қатысқан. Дүние жүзінде белгілі Бонн университетінің неміс философия профессоры Юрген Хабермастың «Модерн-аяқталмаған жоба» атты кітабы негізінде білім беру философиясына қатысты дәрістерін тындап, одан бірнеше сұхбат та алған болатын. Осындай ғылыми ізденістер оның болашақ докторлық диссертациясына негіз болды десек артық айтпаймыз.

Жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселесі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандарды даярлау. Бұл жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігінің тәжірибелерін игеру арқылы ғана жүзеге асатындығы белгілі.

ҚР Президенті Н. Назарбаев «Білімді көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі факторы білім екенін біз түсінуіміз керек» деген еді.

Білім беру мәселесі—қазіргі заманғы көкейкесті тақырыптардың бірі. Қазақстан ғалымдарының философиялық дискурсында оған маңызды мән беріледі. Бұл бүгінгі ақпараттық кеңістік жағдайында білім берудің негізгі рөлге ие болып отыруына байланысты. «Білім беру туралы философиялық дискурс» тақырыбында 2009 жылы докторлық диссертациясын қорғады. «Білім беру» – бұл логикалық емес, тарихи ұғым, әр заманда мақсаты мен міндеттері жаңаша жүйеленеді, түрлі өзгерістерге ұшырайды, ғылыми болжамдар мен түсініктерге ие болады.

Мысалы, кеңес одағы кезіндегі білім беру адамның ішкі қабілеттерін дамытты. Ал, қазіргі білім алушы алған білімді өз құзыреттілігіне жаратуды мақсат тұтады. Білімдегі дағдарыс бір халықтың немесе бір мемлекеттің ішінде ғана болып қоймайды, жаһандану процесіне тән құбылыс. Білім беру дағдарыстан шығу үшін

философиялық негіздерін жасау керек және оған философтар жауап беруі тиіс.

С. Еділбаеваның «Білім беру туралы философиялық дискурс» атты докторлық диссертациясы осы тұста әлеуметтік сұранысқа жауап беретін еңбек болып табылады. «Білім беру» – мәселесі ежелгі философтарды да талай толғанысқа түсірген еді, оның мазмұнын әр-түрлі заманда өзінше ғылыми тарихи түсініктерге толы өзгермелі сипатта болады. Бұл Платонның «Үңгір туралы символ», «Мемлекет» деген еңбегінде софистердің ілімін сынаған еңбектерінде жазылған. Кейін бұл пікірді, бұл идеяларды Ницше дамытқан болатын. Гумбольдтың идеялары негізін Платон, Жан Жак Руссо қалаған. Білім беру философиясы қоғам өміріндегі өзгерістерге қарай ол да жиі дағдарысқа түсіп, жаңа өзгерістерге ұшырайды.

Қазіргі білім беру ғылымының бұрынғы міндетті принциптер қайта сүзгіден өткізілуде. Білім беру қандай болу керек? Білім әр уақытта өзгеріп отырады. Осының айғағы Қазақстан Республикасында білім беру реформалары өзгертіліп, жаңартылып отырды.

Осы білім беру философиясының үздіксіз процесін жасауға қазақ қоғамы да зәрулік танытты. Бүкіл әлемде талқылаулар мен белсенді зерттеулер тақырыбына айналған білім берудің жаңа тұғырнамасы егеменді еліміздің де өзекті мәселесіне айналды.

Жаһандастыру және ақпараттық ортаның дамуы қазіргі заманғы адам болмысын негіздеуде білім беру басты мәнне ие екендігін көрсетті. Философиялық-танымдық рефлексия қажеттігі постмодерн заманындағы білім берудің ғаламдық дағдарысынан шығу жолдарын іздестіру барысында туындаған.

Білім беру мәселесі – қазіргі заманғы көкейкесті тақырыптардың бірі. Қазақстан ғалымдарының философиялық дискурсында оған маңызды мән беріледі. Бұл бүгінгі ақпараттық кеңістік жағдайында білім берудің негізгі рөлге ие болып отыруына байланысты. Философия тарихында білім беру туралы дискурста адамның жалпыға бірдей және жеке дара бастамасын дамыту туралы идея, ақиқатты іздеу, мәдениетке сәйкестену, «ішкі жан дүниесін білім беріп дамыту» сияқты өнегелілік принципі, рух еркіндігін дамыту қағидалары; білім берудің гуманистік және неогуманистік теориялары тұжырымдалған.

Ақпараттық қоғам жағдайында затты-ақпараттық білім беруді креативті-дамытушы білім беруге ауыстыру Қазақстан Республикасындағы болашақ өмірдің сапасын анықтайтын болады. Сания Жакенқызы осындай әлеуметтік сұраныстың қажеттілігінен «Білім беру философиясы» атты докторлық диссертациясын жазды. Оның басты негіздері антропологиялық, аксиологиялық, жаһандану процесінде білім беру қалай дамитындығы ұлттық білімнің критерийлері философиялық тұрғыдан қарастыруға негіздейді. Білім берудің қазіргі дағдарысы білім беру философиялық антропологияны дамытуды қажет етеді, өйткені адам – білім берудің субъектісі.

Қазір білім берудің аксиологиялық мәні адамды оқыту барысында оған тәрбие беруде, оның руханилығын дамытуда, «ақиқат», «жақсылық», «сұлулық» деген құндылықтар туралы білімдерді беруде көрініс табады. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту деп тұжырымдалады. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім алушыны оқытып

қана қоймай оған үздіксіз білім бере отырып жаһандануға төтеп бере алатын рухани дүниесі бай «ақиқат – жалған», «жақсылық – жамандық», «сұлулық – сұрықсыздық» туралы талғамы мен тәрбиесі көркем тұлға қалыптастыру болып табылады.

Сания Жакенқызының ғылыми зерттеулерінің қомақты бөлігі нарық заманда бәсекеге қабілетті ұрпаққа білім берудің философиялық мәнін талдауға арналды.

1998 жылы ол «Білім беру философиясы» пәнінен жаңа дәрістер курсының ұсынды. Қазіргі кезде С.Ж. Еділбаева бакалаврлар мен магистранттарға орыс және қазақ топтары бойынша «Ғылым тарихы мен философиясы», «Қазақ философиясы», «Білім беру философиясы», «Ортағасырдағы классикалық ислам философиясы», «Латын тілі», «Университет идеясы», «Философия тарихы», «Философия» және басқа салалар бойынша дәрістер оқып, семинар сабақтарын жүргізеді.

Магистрлік және докторлық (PhD) диссертациялардың ғылыми кеңесшісі. Оның жетекшілігімен 2 PhD докторы (Н.Ж. Құдайбергенова, С.К. Тұрғанбеков) қорғауға шықты. Философия кафедрасының магистранттардың ғылыми практикасына докторанттарға арналған ғылыми-теориялық семинарларына жетекшілік еткен. Оның ғылыми жетекшілігімен 2015 жылы Республикалық студенттік жұмыстар байқауында Кәмшат Кіндікбаеваның ғылыми жұмысы 1-ші орынға ие болды.

Университетте қызмет еткен жылдарының табысы аз болған жоқ. 40 жылға жуық ұстаздық – ғылыми шығармашылығының айнасындай болған С. Еділбаеваның 130-дан астам ғылыми еңбектері бар, соның ішінде 11 монография (олардың үшеуі коллективтік монография), 8 оқулық, 15 шетелдік (екі – Scopus) басылымдарда жарияланды. С. Еділбаева ғылыми қызығушылық саласы сан – салалы, атап айтар болсақ, философия, білім беру философиясы, дін, қазақ философиясы мен мәдениеті тарихы және т.б.

С. Еділбаева Германия мен Швейцарияда дәрістер тындап, Европаның алдыңғы қатарлы үздік профессорларынан білім алды. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталған.

Ұстаз – бұл ұрпаққа білім беру ғана емес, адамтану ғылымын меңгеру адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне терен үніле білу деген сөз. Сания Еділбаеваның ғылыми – педагогикалық еңбек өтілі 40 жылға таяу. Өзі дәріс оқып жүрген жылдары университеттің барлық – ыстық суығына төзіп, қажырлы еңбегін ұстаз деген ардақты атқа арнаған еді.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялау бағытымен мақсатты түрде білім жетістіктерін игертуде. Университеттің басқа да ғалым ұстаздары сияқты Сания Жакенқызы университеттің әлемнің жетекші оқу орны болуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Дина ӘЛКЕБАЕВА,
профессор,

философия ғылымдарының докторы

СТУДЕНТТЕР ЕЛБАСЫНЫҢ ШӘКІРТАҚЫСЫН ИЕЛЕНДІ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының студенттік шәкіртақысын іріктеуге арналған республикалық байқаудың жеңімпаздары қатарында ҚазҰУ студенттері бар.



Ағымдағы жылы байқауға еліміздің 40 жоғары оқу орынан 500-ден астам студент өтінім берген. Студенттер жоғары академиялық үлгерім, оқу орнының ғылыми, әлеуметтік және шығармашылық өміріндегі жетістіктері бойынша іріктеу критерийлерінен өтті. Конкурстық іріктеу негізінде жоғары нәтиже көрсеткен 80 студентті ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының шәкіртақы иегерлері етіп бекітті. Өнер және мәдениет саласында білім беретін оқу орындары 35 шәкіртақыға ие болса, басқа жоғары оқу орындарына 45 шәкіртақы тағайындалды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шәкіртақы алушылардың саны бойынша Қазақстан жоғары оқу орындары арасында

көшбасшылыққа ие болуы, бұл кезекті рет университеттің білім алушыларына оқу, ғылыми және әлеуметтік-тәрбие саласындағы жоғары талаптардың айқын дәлелі. Айта кету керек, ҚазҰУ-да Шығыстың ұлы философы әл-Фарабидің ізгілікке толы қоғам туралы идеясына негізделген университеттің 4.0 даму үлгісі жүзеге асырылуда. Бұл үлгі төрт негізгі білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік сынды құрамдас бөлікті біріктіреді. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының шәкіртақысын иеленгендер қатарында Дәулетбаева Ақгүл, Шамет Диана, Маканова Аселя, Круговых Илья, Жұматай Арай және Қастай Дастан бар.

Өз тілшімізден

Кәсіби этика – кәсіби біліктіліктің тірегі

Кәсіби біліктілік – жұмыс берушілер тарапынан қойылатын басты талап. Бүгінгі күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында біліктілікті қалыптастыру үшін болашақ маманды кәсіби этикалық талаптарға сай тәрбиелеу қажет.



қағидаларды ұстануға талпынуды тәрбиелеудегі бүгінгі күнгі еңбегіміздің болашақта еліміздің адал және шыншыл азаматтары, кәсіпкерлер мен бизнесмендері ретінде жемісін беретіндігіне сенімі мол екенін айтты.

«Қазақстан Республикасы қаржылық мамандар Палатасы» Бухгалтерлердің кәсіби бірлестігі Басқармасының төрағасы Дмитрий Шютц бухгалтерлердің кәсіби этикалық Кодекс нормалары мен қағидаларын ұстанудағы кездесіп жатқан қиындықтардың көптiгiн, солардың iшiнде бухгалтер маманның бiрiншi кезекте ұйым басшысына тәуелдiлiгi мәселесiне, тәжiрибеле бухгалтерлерге қатысты құқық бұзушылықтардың көптеп кездесетiндiгiне, осы жағдайларда бухгалтерлердiң заң тұрғысында қорғалмағандығына тоқталды.

Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасының атқарушы директоры Ақан Арыстан мырза да осы пікірді жалғастырып, кәсіби әдеп кодексіне сай тәрбиеленген бүгінгі студенттердің болашақта жақсы маман ғана емес өз елінің адал да лайықты азаматы қалыптасатындығын атап өтті.

Мәресіне жеткен шара соңында студенттерге сұрақтар қою арқылы екі жақ пікір алмасып, Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы атынан Халықаралық аудит стандарттарының жинақтары кафедра мен студенттеріне табысталды.

Осындай кездесулердің студенттерді қанаттандыратындығын айта келе, э.ғ.к., доцент Мади Байдаулетов бүгін талқыланған ой, сәйкесінше қалыптасқан пікір студенттерді тек кәсіби салада ғана емес, адамгершілік тұрғысында да өз биіктерін анықтап алуға көмектесетіндігін атап өтті.

Б. СҰЛТАНОВА,
э.ғ.к., «Есеп және аудит»
кафедрасының доценті;
А. АРЫСТАМБАЕВА,
«Есеп және аудит» кафедрасының
аға оқытушысы

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасы эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты тақырыбында ашық сабақ өтті.

Ашық сабақ 2 курс магистранты Г.Ғалымқызы кафедра менгерушісі б.ғ.д., профессоры С. Төлеухановтың басқаруымен өтті. Сабақ барысында қыз тәрбиесінің өзектілігімен қоса, оның жасқа сай физиологиялық ерекшеліктері айтылып, қай жаста қызды қалай тәрбиелеу керектігі жайлы ғылыми фактілер түсіндіріліп, студенттер өз ізденімпаздықтарын көрсете білді. Сонымен қатар, қазіргі таңда аса өзекті мәселелер болып табылатын кейбір «сылқым», «ерекшора» және қарапайым қыздардың рөлдерін ғылыми биология мамандығының 3 студенттері Н.Еркенова, А. Нұрлан, А. Лесбек сомдап, сауалнама түрінде көрініс қою арқылы қыз бойындағы оғаш қылықтарды өзiлмен жеткізе білді.

Ана мейлі қасымызда болсын, мейлі, тіпті, жырақта болсын—оның сылдырлаған дауысын, мөлдіреген көзін, ыстық есімін, жылы сөзін, мейірімділікке толы суретін көргенде, жүрегімізде жылулық орнап, санамыз жайланып, көңіліміз көтеріліп, өзімізге деген қамқорлықты, мейірімділікті сезініп, өмізге деген сеніміміз оянып, өмірге деген құштарлығымыз, құлшынысымыз артады. Қай жерде болмасақ та, ана дегенде, ол үшін қолымыздан келгенді жасағымыз келіп, жан беруге дайын тұрамыз, ол солай болуы міндетті де! Өкінішке орай, кейбір балалардың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрметтеп, сыйлау әрбір баланың парызы.

Осы күнде қандай биікті бағындырсақ та, қандай жетістікке жетсек те, қазір қандай жағдайда, қандай күйде болсақ та – ол ең бірінші ананың, екінші әкенің, одан кейін барып ұстаздардың арқасында, себебі, сол ұстазды тыңдауды, сыйлауды – біз ең бірінші ана тәрбиесі арқылы үйренеміз. Осының өзінен өмірде ана алақанының қызуы мен мейірімін ештеңе баса алмайтынына көзіміз жеткендей, тіпті, бұл сөзге осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар жүргізген тәжірибе де мысал бола алады. Ғалымдар аналарынан айрылған маймыл балалар үшін екі қуыршақ маймыл ана

жасап, бірінің омырауынан сүт шығатын, денесі қатты да суық етіп, екіншісінің омырауын сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп жасаған екен. Маймыл балалары сүті бар денесі қатты қуыршақты емес, сүті жоқ болса да, денесі жұмсақ қуыршақты ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығылған. Міне, сонда кімге болса да бәрінен бұрын керекті мейірім, ана құшағы ғана.

«Ана–үйдің берекесі, қызбаланың өнегесі, шаруаның несібесі. «Анасын көріп қызын ал», демекші бұл сөздерде де қыздан гөрі ананы алға қою арқылы сипаттаған. Ана тәрбиесі жақсы болса, қыз еш уақытта жаман қылықтарға бой алдырмайды. Ана болу – үлкен рухани күш пен ерен еңбек»,—деп 3 курс студенті А. Нұржан студенттерге өз пікірін білдірді. «Анадан алып та туады, батыр да туады, ғалым да туады, жақсы да туады, жаман да туады. «Неге?»,— деген сұрақ туындайды. Себебі, бала тәрбиесі бесіктен басталады. «Ел болам десең, бесігінді түзе»—деген сөз бекерден бекер айтылмаған. Қыз бала дүниеге келгенде бұрынғы ата-бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Неге десеңіз, ол болашақ – ана! Қызды қонақ, жат жұрттық деп төріне отырғызып сыйлаған, үлкендердің алдынан кесе көлденең өтпеуге, ғайбат сөз айтпауға, үй тіршілігіне икемдеп, инабатты болуға тәрбиелеген. Қыздарын қылықты, ұлдарын ұлықты қылып өсірген. Ал, қазір ше?! Өмірге бала әкелгеннің бәрі ана ма? Сол ана деген атқа лайық па?—деген сұрақтар мазалайды. Әрине көпке топырақ шаша алмаймын, дегенмен де жеңіл жүрісті көкек аналарымыз көбейіп кетті. Өзі тәрбиеге көнбеген адам, перзентіне қандай тәрбие береді? Достар, жас ұрпақ, болашақ аналар, «Ана» деген атқа лайық болуды ұмытпайық!

Г. АТАНБАЕВА,
Н. АБЛАЙХАНОВА,

биофизика және биомедицина кафедрасының
аға оқытушылары



В ФИНАЛЕ «Science Slam Almaty»

Магистрантка факультета медицины и здравоохранения КазНУ им. аль-Фараби прошла в финал конкурса научных проектов «Science Slam Almaty».

Научное мероприятие, инициируемое Фондом Первого Президента Республики Казахстан проводится уже в третий раз. Идея «Science Slam» зародилась в 2006 году в Германии. В настоящее время, состязания молодых ученых в необычном формате представления научной информации – stand up, проводится в Австрии, Швеции, Швейцарии, России и Казахстане. Цель проекта – популяризация науки среди молодых ученых и исследователей, формирование у молодежи стремления учиться и добиваться успеха.

В этом году конкурс проходил в два этапа: отборочный и финал. В ходе первого тура проверялось соответствие заявок критериям отбора и осуществлялась предварительная

оценка видеороликов. По результатам первого тура были отобраны семь участников, которые набрали наибольшее количество баллов.

Второй тур проводился путем очного конкурсного состязания участников перед широкой аудиторией. В конкурсе научных проектов КазНУ представила магистрантка кафедры политики и организации здравоохранения специальности «Медицина» Гаухар Тулепова, которая вышла в финал и достойно защитила научный проект «Самооценка клинической деятельности врача частной клиники АМС города Алматы».

А. КАСЫМХАНОВА,
кафедра политики и
организации здравоохранения

Бесінші Қ. Бекхожин оқулары аясында журналистика факультетінде «Жас зерттеушілер» атты ғылыми форум өтеді

«Smart Student's Project» жобасының маусымашар кезеңі өтті

ҚазҰУ-да Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен ұлт көшбасшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ҚазҰУ ректоры Ф. Мұтановтың «Айналады нұрландыр» жобасы аясында «Сұңқар кубогы» Smart Student's Project чемпионатының маусымашар кезеңі өткізілді.

командаларға өзінің әділ бағасын беріп, төрелік еткен қазылар қатарында әлеуметтік тәрбие жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Т.Әбішев, «Bugin Group» компаниясының директоры, SSP чемпионатының бас демеушісі А. Қуатбаев, жайдарманшы, актер Н.Жақсыген, «Сұңқар» СММК ҚБ төрағасы Ш. Бүрлібаева болды.

«Smart Student's Project» маусымашар кезеңі екі сайыстан тұрды: бірінші кезең – «Preface» (Сәлемдесу). Қатысушы командалар «ҚазҰУ-ға 85 жыл» тақырыбында әзіл өрбітіп, жиылған елдің екі езуін екі құлағынан бір-ақ шығарды. Бірінші кезеңнен кейін «Smart Student's Project» чемпионатының 2018 жылғы жеңімпаздары «Мехмат» және «Химфак» құрама командалары сахнаға шығып, көрермендерге керемет тосын сый жасады. Екінші кезең – «Әлеуметтік видео» деп аталып, қатысушылар өздерінің дайындап келген, астары әзілмен өрілген



видеоларын ұсынды. Бұл кезең астарлы әзіл, салмақты сөздер арқылы залдағы көрермендерге ой тастап, ерекше әсер қалдыра білді. Қатысушы командалардың, яғни, жастардың қоғамда болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтындығы осы кезеңде айқын көрініс тапты.

Сайыс қорытындысы бойынша «Smart Student's Project» чемпионатының маусымашар кезеңінде бақ сынаған он команданың тоғызы жартылай финалдық кезеңге жолдама алды. Сонымен қатар, командалар ұйымдастырушылар алқасы дайындаған бірнеше номинациялардың иегері атанды. Атап айтсақ, «Үздік әлеуметтік видео» номинациясымен «Vbrand» командасы марапатталып, «Ланчжоу» мейрамханасына 10000 теңгелік және «Grenadine» ағылшын тілі курсына 100 000 теңгелік сертификатқа ие болды. Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар болып, ерекше әзілдерімен көзге түскен «Музыканттың қойын дәптері» командасының ойыншысы Ермахан Шыңғыс «Маусымашар үздігі»

номинациясын иемденіп, «Бастау» ағылшын тілі орталығында тегін оқу мүмкіндігіне қол жеткізді. Сондай-ақ, сүйікті командасын қолдап, ерекше қошемет көрсеткен көрермендер де марапаттан құр қалған жоқ. «Үздік жанкүйер» номинациясымен механика-математика факультеті марапатталды. «Үздік креативті шақыру видеосы» номинациясы мен «Жалмауыз кемпір» квест орталығына 25000 теңгелік жолдаманы «Әлем» командасы еншіледі.

Осылайша, ҚазҰУ тарихында екінші рет ұйымдастырылып жатқан «Сұңқар кубогы» Smart Student's Project чемпионаты жоғары деңгейде өтті деуге негіз бар. Әзіл әлеміне қанат қаққан ҚазҰУ қарлығаштары, ең белсенді, ең креативті жастар бас қосатын айырықша жоба алдағы ағымда жалғасын таба бермек.

Нұрсәуле ИДАЯТ,

биология және биотехнология факультетінің 3 курс студенті



Журналистер форумы өтті

Түркістан қаласында «Журналистика» білім беру бағдарламалары модельдері: кәсіби стандарттар интеграциясы» атты II Халықаралық Журналистер форумы өтті. Оған университетімізден журналистика факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысып қайтты.



Форумның пленарлық жұмысын ҚР білім және Ғылым министрінің PR кеңесшісі Майраш Гумарқызы Тайкенова өзі бастап жүргізіп отырды. Президиумнан орын алған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті Болатбек Әбдірасылов, осы университеттің I вице-президенті Женгиз Томар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева, Өзбекстандық әлемдік экономика және дипломатия университетінің профессоры Патима Муминова, Қырғызстандық Орталық Азиядағы Америка университетінің өкілі Элина Турдубаевалар құттықтау сөз айтып, қысқаша баяндама жасады.

атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің кафедра меңгерушісі Ольга Ким «Журналистика мамандығы бойынша ОПК біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жүйесіндегі жаңа тәсілдер» деген атаумен өз баяндамаларын таныстырды.

Осыдан кейін еліміздің атынан ҚазҰУ студенті Дана Русланқызы, Өзбекстаннан Азиза Алимова және Қырғызстаннан келген студент Қайрат Иманалиев «Студенттердің цифрлы өмір сүру стилі және мәдениетаралық қарым-қатынасы» тақырыбында өздері дайындаған слайдтарын таныстырды.

Форум соңы Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің көркемөнерпаздары дайындаған концертке ұласты.

Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ,
ҚазҰУ Телерадиокешенінің директоры,
журналистика факультетінің
аға оқытушысы

Алматы – Түркістан - Алматы

■ ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛША – ЖЕДЕЛ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Қызылша – жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері – қызуы көтеріліп, қызылшаға тән теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады. Ауру тек науқас адамнан жұғады.

Қызылшаның жасырын асырын кезеңі 9-11 күн, 15-21 күнге созылуы мүмкін. Алғашқы белгілері: қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл таңдайда теңбіл (пятнистая) бөртпелер пайда болады.

Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі бірінші күні бөртпе – бетте, мойында, екінші күні бөртпелер денеде, қол, сан терілерінде, үшінші күні балтыр, аяқтарда шығады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қонырланып, жұқа қабыршықтар қалады (ұнның ұрпағындай). Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, танертең кірпіктерін ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсынуы тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін.

Қызылшаның асқынғанында ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады. Аурудың алдын алу шаралары; үй жайларын жиі желдету және ылғалды тазалау, науқастарды ерте, дер кезінде анықтау (балалар, жүкті әйелдер) және егу жұмыстарын жүргізу.

Қызылша ауруын алдын алу уақытылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен ауырған науқас болғанда қарым-қатынасты шектеу.

2009 жылдың 30 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша, егу күн тізбегінде 1 жасқа және 6 жасқа толған балаларды қызамыққа, қызылшаға қарсы егу жүргізіледі. 30 жасқа дейінгі барлық Қазақстан тұрғындары қызамыққа, қызылшаға қарсы вакцина алуға болады.

Ағымдағы жылы қызылшаға және қызамыққа 1,6 жасқа толатын негізгі топтағы 7345 бала вакцинацияланды.

Осы қыруар атқарылып жатқан егу жұмыстарына қарамастан, Алматы қаласында да бүгінгі күні бірен-саран қызылша аурулары тіркелуде, ауру көзі болып жан жақтан келіп жатқан егуден қалыс қалып жатқандар (егілуден бас тартқандар, дер кезінде аймақтық емханаға тіркелмегендер).

Қызылша жұқпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан, сондықтанда, қызылша жұқпасының белгілерін тұрғындарға жеткізіп отырмыз.

Е. ТАРКИНСКИЙ,

Бостандық ауданы
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасының басшысы

10 декабря на базе КазНУ им. аль-Фараби состоится международная конференция «Картография Великого Шелкового Пути: от аналоговой к электронной»

Жалғасы. Басы 1-бетте

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №1734

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.